

Педагог-психологтардың қызметі бойынша аналитикалық есеп 2024–2025 оқу жылы.

Білім беру мекемесі: «ІТ және жаңа технологиялар жоғары колледжі» КМҚК

Есепті кезеңге арналған мақсат: студенттердің психикалық және физикалық денсаулығын дамытуға және сақтауға ықпал ететін жағдайлар жасау, олардың эмоционалдық саулығын қамтамасыз ету, әрбір студенттің еркін және тиімді тұлғалық дамуына жағдай жасау, студенттердің оқу қызметіне сәтті бейімделуіне ықпал ететін психологиялық-педагогикалық жүйелі іс-шараларды жүзеге асыру.

Міндеттер:

- студенттердің толыққанды тұлғалық және зияткерлік дамуына жәрдемдесу; психологиялық-педагогикалық мәселелерді шешуде колдау көрсету және көмектесу;
- оқыту мен дамудағы проблемаларды ерте анықтау және алдын алу мақсатында мүмкіндіктер мен қабілеттерге диагностика жүргізу;
- білім беру процесінің барлық қатысушыларының: студенттердің, педагогтардың, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін дамытуға ықпал ету;
- білім беру процесінің барлық субъектілері арасындағы өзара түсіністік пен өзара іс-қимылды нығайтуға жәрдемдесу; білім алушылар, педагогтар, ата-аналар арасында консультациялық-ағартушылық жұмыстар жүргізу.

1. Кәсіби іс-шараларға қатысу

Есепті кезең ішінде педагог-психологтар кәсіби өзара іс-қимылдың әртүрлі формаларына белсенді қатысты, олар:

- 2024 ж. 05 қарашада «Индустриалды-технологиялық колледжі» КМҚК-да «Суицидтің алдын алу бағдарламасы және СР сауалнамасы бойынша психологтардың жұмысы» тақырыбында облыстық оқыту семинар-практикумына қатысты;
- 2024 ж. қараша айында директор жанындағы кеңесте «Психологиялық қызметтің жұмысы. I-курс студенттерінің жаңа әлеуметтік-педагогикалық жағдайға бейімделуі» тақырыбында есеппен сөз сөйледі;
- 2024 ж. 29.11 педагогикалық кеңесте «Педагогикалық практикадағы бағдар ретіндегі құндылықтар» тақырыбында тренинг өткізілді;
- 28.02.2025 ж. А.А. Туребаева "Best in profession" атты қалалық семинар-тренинг өткізді;

- 2025 ж. 06.03 «Гендерлік және отбасылық тәрбие. Қазіргі қоғамдағы ананың ролі» атты қалалық семинарға қатысты;
- 2025 ж. 25.03 «Дағдарысты жағдайларда психологиялық көмек: зорлық-зомбылық құрбандарымен және манипуляциямен жұмыс» атты қалалық оқыту семинарына қатысты;
- 2025 ж. 15.04 Н.Н. Карпачёва «Мен ресурстамын» атты шеберлік сыныбын өткізді;
- 2025 ж. 23.04 Н.Н. Карпачёва «Бизнес және сервис» колледжінде «Динамикалық бақылау тобындағы жасөспірімдердің ата-аналарымен психологтың жұмыс істеу әдістері» тақырыбында облыстық шеберлік сыныбын өткізді;
- 2025 ж. 23.04 А.А. Туребаева «Тәуекел тобындағы балаларды анықтау және сүйемелдеу» атты семинар-практикумға қатысты;
- 2025 ж. 14.05 қаланың №23, №64, №52 мектептерінің 9-сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізді;
- 2025 ж. 29.05 «Мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну шеңберінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өзара іс-қимылын автоматтандыру мақсатында Socium ААЖ және FSM Social цифрлық платформаларын енгізу» оқыту семинарына қатысты.

2. Ашық сабақтарды ұйымдастыру және өткізу

25.02.2025 ж. инклюзивті топта ашық сабақ өткізілді, оның мақсаты:

- ерекше жастармен жұмыс істеудегі әдістемелер мен тәсілдерді көрсету;
- оң педагогикалық тәжірибені тарату;
- оқу процесі аясында психологиялық-педагогикалық диагностика мен түзету жұмыстарын жүргізу.

Ашық сабақ әріптестер мен әкімшіліктен оң пікір алды.

3. Студенттермен аудиториядан тыс жұмыс

Студенттер үшін 10-нан астам іс-шара ұйымдастырылып, өткізілді, олардың ішінде:

- күйзеліске төзімділікті және коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша психологиялық тренингтер;
- деструктивті мінез-құлықтың алдын алу мәселелеріне арналған тақырыптық кездесулер;
- студенттік қауымдастықты нығайтуға және көшбасшылық қасиеттерді дамытуға ықпал ететін мәдени-ағартушылық іс-шаралар.
- 2024 ж. 10.10 бірінші курс студенттеріне эмпатия мен қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арналған тренинг өткізілді;

- 2024 ж. 18.10 «Қазіргі заманғы отбасы: өскелең ұрпақтың бойында мәдени және адамгершілік құндылықтарды, азаматтық пен патриотизмді тәрбиелеу» тақырыбында тренинг өткізілді;
- 27.11.2024-10.12.2024 жж. аралығында колледж топтарында «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ» тақырыбында біркатар кураторлық сағаттар өткізілді;
- 2024 ж. 23.12 мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған концертке бардық;
- 2025 ж. 21.02 студенттер 244/1 тобының студенті Серікбек Орынгүлді қатысуымен дзюдодан жарысқа қатысты;
- 2025 ж. 25.02 133 ВТ тобының студенттерімен «Мен және менің тату тобым» атты тренинг өткізілді;
- 2025 ж. 27.02 44/1 ВТ тобының студенттерімен «Мен – өзімдегі ең жақсы нәрсе» атты тренинг өткізілді;
- 2025 ж. 01.03 А.А. Түребаеваның жетекшілігімен студенттер "Folk & Art" халықтық және заманауи өнер фестиваліне қатысты;
- 2025 ж. 25.05 133 ВТ Инклюзия тобының студенттерімен «Жеңіс саябағына» бару;
- 2025 ж. 22.05 133 ВТ Инклюзия тобының студенттерімен биологиялық орталыққа бару;
- 2025 ж. 12.06 133 ВТ Инклюзия тобының студенттерімен жауынгерлік даңқ мұражайына бару.

4. Әдістемелік және баспа қызметі

Оқытушылар мекеменің ішкі әдістемелік жұмысына белсенді қатысты:

- студенттерге арналған әдістемелік ұсынымдар мен жадынамалар дайындау;
- ақпараттық стендтер мен буклеттер жасауға қатысу;
- ішкі конференциялар материалдарының жинақтарында мақалалар жариялау.

5. Біліктілікті арттыру және кәсіби даму

Үздіксіз білім беру аясында педагогтар келесі бағыттар бойынша оқудан өтт

- Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу
- Техникалық және кәсіптік білім берудегі инклюзивті оқытудың негізгі аспектілері
- Техникалық кәсіптік білім берудегі жаһандық құзыреттіліктер

Қорытынды

Есепті кезеңде Н.Н. Карпачёва мен А.А. Туребаева жоғары кәсібилік деңгейін, мекеме өміріне белсенді қатысуын, педагогикалық қызметке жауапкершілікпен қарауын және тұрақты кәсіби өсуге деген ұмтылысын көрсетті.

Педагог-психолог
Педагог-психолог



А.А. Туребаева
Н.Н. Карпачёва